

Өзара қарыздарды есепке алу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 4 ақпан 1994 ж. N 1542. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Кәсіпорындар мен ұйымдардың шамадан тыс ұзаққа созылып кеткен өзара төлем жасаспауын жою, тауар-материалдық құндылықтар мен көрсетілетін қызметтің кедергісіз жылжуы үшін жағдай жасау және өндірістің құлдырауын тоқтату мақсатында қаулы етемін:

1. Республиканың кәсіпорындары мен ұйымдарының өзара берешегін республика ішінде есепке алу 1994 ж. 17 ақпанынан бастап, түбегейлі жаңа тұрғыда жүргізілетін болсын.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Ұлттық банкпен бірлесіп, он күн мерзім ішінде есепке алуды жүргізу тетіктерін әзірлесін, онда ұлттық валютаның инфляциясы мен құнсыздануын болдырмау ескеріліп, нақтылы банкрот болғандар іс жүзінде анықталсын және Қазақстан Республикасының "Банкроттық туралы" Заңының жүзеге асырылуы қамтамасыз етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті осы аталған есепке алулардың нәтижесі бойынша кәсіпорындардың өтелмеген қарызын жабу үшін қажет көлемде сыртқы займдарды тартсын, оларды өтеуге бірінші кезекте жекешелендіруден және таратылатын кәсіпорындардың мүлкін сатудан түскен қаражат жұмсалатын болсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті